

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша
қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Аналар кабинеті» қоғамдық қоры
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Болатбаева Тлектес Аманкосовна
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Рахат ауылы, Ақсу шағын ауданы, Басығара Тұрниязұлы көшесі 76, тел. 8 771 516 8442
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): Берік отбасы-берік мемлекет
Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 17.07.2024ж.-29.11.2024ж.
5. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 11 000 000 (одиннадцать миллионов) тенге

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

Гранттық шарттың №3 қосымшасына (Жобаның толық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.

1-міндет. Жаңаөзен қаласында кемінде 350 қатысушыны, оның ішінде кемінде 250 адам жастар өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ете отырып, «Ұлттық құндылықтардың рухани байлығы» форумын ұйымдастыру

1-іс-шара. 2024ж. 28 тамызында «Ұлттық құндылықтардың рухани байлығы» атты форумы өтті. Іс-шараға барлығы 350 адам қатысты, олардың 250-і жастар санатында болды. Форумға төрт танымал спикер қатысты. Отбасы Академиясының негізін қалаушы және отбасы психологы Ержан Мырзабаев «Сапалы отбасылық қарым-қатынастың 7 принципі» тақырыбында сөз сөйлеп, қатысушыларға отбасылық қарым-қатынастарды жақсарту жолдары бойынша нақты кеңестер берді. Қоғам белсендісі Өсер Өтегенұлы отбасының аманатына адалдық туралы сөз қозғап, моральдық жауапкершіліктің маңыздылығын атап өтті. Маңғыстау облыстық сотының өкілі Гүлажар Қоянбайқызы әйелдер мен отбасы мәселелеріне арналған баяндама жасап, қоғамдағы ана рөлін айқындады. Сонымен қатар, Жаңаөзен қаласының әкімі Кайнарбаев Ж.И. осындай іс-шаралардың маңыздылығы жайлы айтып өтті. Қатысушылардың көпшілігі отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбие тақырыбындағы баяндамаларды үлкен қызығушылықпен тыңдап, өз сұрақтарына жауап алды.

Форум соңында қатысушылар іс-шараның сапасына қанағаттану деңгейі бойынша сауалнама толтырды. Нәтижесінде 99% қатысушылар іс-шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті. Жастар арасында білімнің арту деңгейі 69% құрады, бұл олардың отбасы институтының маңыздылығын түсіну және рухани құндылықтарға деген көзқарастарының айтарлықтай өзгергенін көрсетті.

Форум әлеуметтік желілерде де кеңінен жарияланды. Іс-шара туралы ақпарат Instagram, Facebook және TikTok платформаларында жарияланып, қоғам назарын аударды.

2 - іс-шара. Форум аясында 26.08.2024ж. дәстүрлі қолөнер бойынша шеберлік сыныптар өтті. «Отбасым – алтын қазынам» форумы аясында дәстүрлі қолөнер бойынша шеберлік сыныптары ұйымдастырылды, оған 30 адам қатысты. Шеберлік сыныпты тәжірибелі дизайнер Жарылқағанова Балкүйган Жұмабекқызы жүргізді. Қатысушылар киіз басу және құрақ құрау өнерінің қыр-сырын үйреніп, ұлттық қолөнерді сақтаудың және оны кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңыздылығын түсінді. Шеберлік сынып барысында қатысушылар шығармашылық қабілеттерін дамытып, ұлттық мәдениетке деген құрметі арта түсті. Бұл іс-шара қатысушыларға рухани байлықты арттырумен қатар, практикалық дағдыларды меңгеруге де мүмкіндік берді.

3-іс-шара. Форум аясында 26-28.08.2024ж. халық шығармашылық көрмелері өтті. «Отбасым – алтын қазынам» форумы аясында Әбіш Кекілбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінің «Ұлттық киімді ұлықтау» атты жылжымалы көрмесі ұйымдастырылды, оған Жаңаөзен қаласының зергерлері қатысып, өздерінің ұлттық әшекей бұйымдары, киімдері, құрал-саймандары және ұлттық тағамдарын көрсетті. Барлығы 30 адам қатысқан бұл іс-шара қатысушыларға халқымыздың бай мәдени мұрасымен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді. Көрме барысында олар ұлттық киімдердің тарихын, зергерлік бұйымдар мен құрал-саймандардың қолданылу ерекшеліктерін біліп, ұлттық тағамдардың дәмін татты. Іс-шара қатысушыларға ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, мәдениетке деген құрметін арттыруда зор ықпал етті, сондай-ақ олардың рухани дүниетанымына оң әсерін тигізді.

4-іс-шара. Форум аясында 20-27.08.2024ж. қазақ дәстүрлерін білуге арналған конкурстар өтті. «Орамал – сан ғасырлық сән» және «Ат тергеу – келін әдебі» атты конкурс өтті. Конкурсқа қатысушылар орамалдың шығу тарихы мен оны тағу әдістері туралы 3-5 минуттық бейнеролик дайындады. Конкурстың жеңімпаздары қоғамдық ұйым өкілдері және қоғамдық ой көсбасшыларынан құралған комиссия арқылы анықталды. Байқауға барлығы 30 адам қатысып, жеңімпаздарға дипломдар мен сертификаттар табыс етілді. Бұл конкурстар ұлттық дәстүрлерді насихаттап, жастардың мәдени құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға бағытталды.

5-іс-шара. Форум аясында 07.08.2024ж. «Ата-баба ізімен» атты экскурсия ұйымдастырылды. 2024 жылғы 7 тамызда Жаңаөзен қаласында «Ата – баба ізімен» атты экскурсия ұйымдастырылды, оған барлығы 30 адам қатысты. Экскурсия барысында қатысушылар қазақ халқының киелі орындары – Шопан ата, Бекет ата мазары және Бозжыра шатқалына барды. Бұл рухани саяхат қатысушыларға тарихи және мәдени құндылықтармен жақын танысуға, ата-бабаларымыздың өмірімен байланысты киелі мекендердің тарихын білуге мүмкіндік берді. Шопан ата мен Бекет ата жер асты мешіттерінің ерекшеліктері және маңызы туралы мәліметтер берілді, сондай-ақ Бозжыра шатқалының табиғи және тарихи құндылығы зерттелді. Экскурсия қатысушыларға терең рухани әсер қалдырып, ұлттық мұраның байлығын сезінуге мүмкіндік берді.

6-іс-шара. Форум аясында 23-27.08.2024ж. дәстүрлі қазақ ойындары және дәстүрлі қазақ музыкасы бойынша мастер-класстар өтті.

Дәстүрлі қазақ ойындары бойынша мастер-класс: Бұл мастер-класс денешынықтыру пәні мұғалімдерінің жетекшілігімен колледждің спорт залында өтті және оған 30 адам қатысты. Мастер-класс аясында қатысушылар қазақтың ұлттық ойындары – тоғызқұмалақ, жүріп тарту, арқан тарту, бес асық және асық ату ойындарын үйреніп, өзара жарысты. Іс-шараның басты мақсаты – жастар арасында ұлттық ойындарды дәріптеп, олардың спорттық қабілеттерін дамыту болды. Бұл ойындар қатысушылардың дене шынықтыру қабілетін арттырып қана қоймай, қазақ халқының ұлттық мұрасына деген қызығушылықты оятты. Мастер-класс арқылы қатысушылардың командалық рухы мен ынтымақтастығы нығайды, сондай-ақ ұлттық дәстүрге деген құрметі күшейді.

Қазақ музыкасы бойынша мастер-класс: Бұл іс-шараны жыршы, термеші және «Атамұра» мәдениет үйінің музыканты өткізді. Мастер-класс барысында қатысушылар қазақ жыр-термелерінің тарихымен және олардың мағынасы мен мазмұнымен танысты. Музыкалық мұраға бағытталған бұл сабақ

қатысушыларға терме өнерінің рухани және тарихи мәнін түсінуге мүмкіндік берді. Шеберлік сыныбы ұлттық музыкалық өнердің байлығын дәріптеуге және оны жас ұрпақ арасында насихаттауға бағытталды. Мастер-класстың әсері қатысушылардың мәдени танымын кеңейтіп, қазақтың рухани мұрасына деген сүйіспеншілігін арттыруда үлкен рөл атқарды.

2-міндет. Жаңаөзен қаласында кемінде 250 қатысушыны, оның ішінде кемінде 150 адам жастар өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ете отырып, әкелер форумын ұйымдастыру

1-іс-шара. 25.09.2024ж. әкелер форумы өтті. «Әке – отбасы тірегі» атты Әкелер форумына 250 адам қатысты, олардың 150-і жастар болды. Форумда әке болудың маңыздылығы, заманауи ата-ана бейнесі, бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі сияқты өзекті тақырыптар талқыланды. Спикерлер қатарында «Өркен» институтының ғылыми жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты Мұхтаров Аманғали Хамиллоллаұлы, Жаңаөзен қалалық сотының судьясы Даргулова Несіп Терекбайқызы, «Сенімен Болашақ» қоғамдық бірлестігінің өкілі Шәкизат Қаратайұлы және педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Егенісова Алмажай Құлжанқызы болды. Форум қатысушылары әкелердің отбасындағы беделін нығайту және бала тәрбиесіне оң ықпал ету жолдары туралы құнды ақпарат алып, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болды. Нәтижесінде 98% қатысушылар іс-шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтіп, білімнің арту деңгейі 83,6% құрады.

2-іс-шара. Форум аясында 17.09.2024ж. психологтар мен әлеуметтанушылардан әкенің отбасындағы рөлі туралы дәрістер өтті. «Әкенің отбасындағы рөлі» тақырыбындағы дәрістер Мұнайшы мәдениет үйінің залында өтті және оған 30 адам қатысты. Дәрістерді тәжірибелі әлеуметтанушы Айгерім Күлжанова, психолог Алмажай Егенесова және облыстық психикалық денсаулық сақтау орталығының басшысы Мәди Тоқанов жүргізді. Дәріс барысында әкенің отбасындағы рөлі, әке мен баланың қарым-қатынасының маңызы, жасөспірімдердің нашакорлыққа және ойынқұмарлыққа бейімділігінің статистикасы сияқты маңызды мәселелер талқыланды. Сонымен қатар, қатысушыларға психологиялық қолдау көрсетудің жолдары, ата-аналар мен балалар арасындағы өзара түсіністік орнатудың тиімді әдістері түсіндірілді. Дәріс әкелердің отбасындағы жауапкершілігін арттыруға және олардың балаларының дамуы мен тәрбиесіне қосатын үлесін тереңірек түсінуге ықпал етті. Қатысушылар отбасы институтындағы әкенің рөлінің маңыздылығын ұғынып, жасөспірімдер арасындағы қауіпті мінез-құлықтардың алдын алу туралы ақпарат алды.

3-іс-шара. Форум аясында әкелер арасында тәжірибе алмасу өтті. Іс-шараға 30 адам қатысты. Спикерлер ретінде «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның маманы, ақын-жыршы Арғын Бисенов және әлеуметтанушы Айгерім Күлжанова сөз сөйледі. Спикерлер әкенің отбасындағы рөлі, оның бала тәрбиесіне әсері және отбасындағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынас тақырыптарында баяндама жасады. Қатысушылар әкенің жауапкершілігі, отбасындағы тәрбиелік маңызы жайлы өз ойларымен бөлісіп, әкелердің қоғамдағы рөліне ерекше назар аударды. Іс-шара әкелердің отбасы өміріндегі маңызын түсінуге және тәжірибе алмасуға бағытталды.

4-іс-шара. Форум аясында Отбасы тақырыбына шығармашылық конкурстар. Іс-шараға 15 әке және олардың 15 баласы қатысты. Бұл іс-шара әкелердің бала тәрбиесіне қатысуын күшейтіп, олардың мектеп оқушыларына үлгі болуына бағытталған. Қатысушылар өзара жарысып, бала тәрбиесіндегі әке ықпалының маңыздылығын көрсетіп, отбасылық құндылықтарды дәріптеді.

Іс-шара нәтижесінде бірінші, екінші және үшінші орындарға ие болған командалар марапатталды:

- **1 орын** – Мизенбай Айару және Чалабаев Асылбек
- **2 орын** – Қалдыбай Айым мен Рүстем Қиясов, Амантай Айзере мен Оңғарбай Мансұр
- **3 орын** – Сатлық Мәліс және Ковлаев Рысқали, Кемеледин Раяна және Туреханов Есқали

Бұл сайыс әкелердің балалар тәрбиесіне деген ықыласын арттырып, қоғамда отбасы құндылықтарын нығайтуға едәуір үлес қосты.

3-міндет. Жаңаөзен қаласының жастары қатарынан кемінде 100 қатысушының қатысуын қамтамасыз ете отырып, қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрпы тақырыбы бойынша «Ұлт болашағы/Саналы ұрпақ» зияткерлік ойындарын өткізу

1-іс-шара. «Ұлт болашағы/Саналы ұрпақ» зияткерлік ойындарын өткізу.

16-17 қазан 2024ж. тоқызқұмалақтан зияткерлік ойын өтті. Ойынға барлығы 53 адам қатысты. Іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында ұлттық спорт түрін дәріптеу және олардың ойлау қабілетін дамыту болды. Ойын барысында қатысушылар өздерінің зейінін шоғырландырып, табандылық пен шыдамдылық танытуға машықтанды. Бұл шара ұлттық дәстүрлерді сақтауға және оларды келешек ұрпаққа насихаттауға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Қатысушылардың командалық рухы нығайып, ұлттық ойынға деген қызығушылықтары артты. Сауалнама нәтижесінде қатысушылардың іс-шараның ұйымдастырылуына қанағаттану деңгейі деңгейі 96%-ға жетті, бұл шараның тиімділігін айқындайды.

18 қазан 2024ж. дойбы бойынша ойын ұйымдастырылып, оған 50 адам қатысты. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, зияткерлік дағдыларын жетілдіру және ұлттық спортқа деген қызығушылығын арттыру болды. Қатысушылар ойын барысында тактикалық ойлау, шапшаң шешім қабылдау және жеңіске жету үшін стратегия құру дағдыларын меңгерді. Ұйымдастырылған ойын қатысушылар арасында үлкен қызығушылық тудырып, олардың білім деңгейін арттырды. Қорытынды сауалнама нәтижесі бойынша, қатысушылардың жалпы қанағаттану деңгейі 95%-ды құрады, бұл іс-шараның жоғары сапада өткенін және оның тиімділігін дәлелдейді.

2-іс-шара. 10-11 қазан 2024ж. қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрпы тақырыбындағы тренингтер өтті. Бірінші күні «Келін түскендегі әдет-ғұрыптар» тақырыбында тренинг өтті, онда қатысушылар қазақ халқының отбасы құру саласындағы салт-дәстүрлері, келіннің қоғамдағы рөлі мен міндеттері туралы тереңірек мәлімет алды. Екінші күні «Бала тәрбиесіне байланысты дәстүрлер» тақырыбына арналған тренинг ұйымдастырылып, ұлттық тәрбиенің құндылықтары, ұрпаққа берілетін өнегелі тәлім және ата-ананың бала өміріндегі маңызы талқыланды. Әр тренинг практикалық әрі теориялық түрде өткізіліп, қатысушылардың мәдени танымын кеңейтті. Іс-шараға барлығы 82 адам қатысты. Бұл тренингтер қатысушылардың ұлттық дәстүрлерге деген қызығушылығын арттырып, қазақ халқының мәдени мұрасының маңыздылығын түсінуге ықпал етті.

4-міндет. Сарапшылардың қатысуымен «Берік отбасы, Берік қоғам, Берік ұлт» тақырыбында аналардың пікірталас кездесуін ұйымдастыру

1-іс-шара. 2024ж. 22 қазанында «Берік отбасы, Берік қоғам, Берік ұлт» аналардың пікірталас кездесуі өтті. Іс-шараға кемінде 103 ана қатысып, бала тәрбиесінің маңызды мәселелері мен отбасындағы ананың рөлін талқылауға мүмкіндік алды. Пікірталас сарапшылар мен тәжірибелі психологтардың қатысуымен интерактивті форматта ұйымдастырылды. Қатысушылар отбасы құндылықтарын нығайту, балалардың тәрбиесі мен психологиялық қолдау тақырыптарында сұрақтар қойып, пайдалы кеңестер алды. Бұл кездесу отбасыларда берік қарым-қатынас орнатуға, аналардың өз рөлін түсініп, қоғамдағы орнының маңыздылығын сезінуге ықпал етті. Қатысушылар іс-шараның маңыздылығын жоғары бағалап, білім деңгейі 83,5%-ға, қанағаттану деңгейі 95%-ға жеткенін көрсетті.

5-міндет. Некеге тұрғанға дейін қажетті білімді талқылайтын сарапшылардың қатысуымен «Некеге дейін оқы» подкастын түсіруді ұйымдастыру, кейіннен әлеуметтік желілерде тарату

Отбасылық қарым-қатынас, жауапты некеге дайындық, ажырасудың алдын алу және ата-ананың тәрбиедегі рөлін талқылауға арналған «Некеге дейін оқы» подкастының түсірілімі өтті. Подкастың мақсаты – жастарды отбасылық өмірге дайындау, жауапты ата-ана болудың маңыздылығын түсіндіру, шаңырақты шайқалтпаудың жолдарын көрсету.

Подкастта спикер ретінде гештальт-терапевт Құралай Өткелбаева, көпбалалы әке әрі «Алға» спорттық мүгедектер клубының директоры Құралбек Сейдов және жас әке Арман Мұратов қатысты. Спикерлер өз тәжірибелері мен кәсіби кеңестерін ортаға салып, отбасы құрудың жауапкершілігі, ажырасудың негізгі себептері, балалардың психологиялық саулығы үшін ата-ананың рөлі жайында терең ой қозғады. Іс-шара отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, жастар арасында жауапкершілік сезімін арттыруға ықпал етті. Жоба бенефициарлары іс-шараның маңыздылығын жоғары бағалап, білім деңгейі 57,8%-ға, жеткенін көрсетті. Ақпараттық қамтылуы жалпы әлеуметтік желілер бойынша 30 000 қаралымнан асты.

6-міндет. Әлеуметтік желілерде одан әрі тарата отырып, «Лудоманияның алдын алу», «Қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу», «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 3 бейнеролик түсіруді ұйымдастыру.

1-іс-шара. Әлеуметтік маңызды мәселелерді көрсету арқылы қоғам назарын аудару және алдын алу шараларын насихаттау мақсатында әлеуметтік роликтерді түсіру арқылы лудомания, ерте жүктілік және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөнінде хабардарлықты арттыру.

Үш әлеуметтік бейнеролик түсірілді.

1. **Лудоманияның алдын алу** ролигінде ойынқұмарлықтың отбасы мен қоғамға тигізетін зияны шынайы оқиға арқылы баяндалады. Әрекеттер кейіпкердің эмоциялық жағдайы мен әлеуметтік шындықты көрсетуге бағытталған.
2. **Ерте жүктіліктің алдын алу** ролигінде жасөспірім қыздардың жеке және әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға арналған сценарий жасалған.
3. **Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу** ролигі отбасының үйлесімін сақтаудың маңыздылығын ашып көрсетеді. Оқиғалар отбасындағы зорлық-зомбылықтың бала психологиясына әсерін көрсетеді.

Әр бейнероликтің негізінде қоғамдық мәселелерге назар аудару, оның алдын алу жолдарын көрсету және қоғамда мейірімділік пен түсіністік атмосферасын қалыптастыруға ықпал ету мақсаты тұр. Әлеуметтік желілер бойынша ақпараттық қамтылуы әр бейнероликтің 14 000 қаралымнан асты.

2-іс-шара. Отбасылық құндылықтар, ұлттық тәрбие және гендерлік теңдік мәселелері бойынша өңірлік зерттеу жүргізілді.

Отбасылық қатынастарды нығайту және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бағытында ұсыныстар әзірлеу және болашақ жобаларға қажетті өзекті мәселелерді анықтау мақсатында Жаңаөзен қаласы бойынша зерттеу жүргізілді. Зерттеу Жаңаөзен қаласы мен оған қарасты ауылдарда (Қызылсай, Теңге, Рахат, Кендірлі) жүргізіліп, 16-35 жас аралығындағы 500 тұрғын қамтылды.

Зерттеу нәтижесінде тұрғындардың 75%-ға жуығы жергілікті биліктің ұлттық тәрбие беру саласындағы жұмысын қанағаттанарлық деп бағалағанымен, ерте жүктілік, ажырасу және тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткіштері бойынша қала жоғары деңгейде екені анықталды.

Респонденттердің 41,8%-ы гендерлік теңдіктің маңызын жеткілікті түсінбейтінін көрсетіп, шешім қабылдау деңгейінде әйелдердің өкілдігінің төмендігін, гендерлік саясаттың нашар насихатталуын және отбасылық тәрбиеде әкелердің аз рөл атқаратынын атап өтті. Сонымен қатар, ҰЕҰ, бизнес және билік арасындағы ынтымақтастықтың жеткіліксіздігі және әлеуметтік шаралардың науқандық сипатта жүргізілуі айқындалды. Осыған байланысты зерттеу негізінде нақты ұсынымдар әзірленіп, жергілікті атқарушы билікке жолданды.

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы. Жобаның нәтижесі бойынша қорытынды презентация ұсынылып, дөңгелек стол форматында өткізілді.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс. Жобаның қорытындысы бойынша жалпы қорытынды дайджест ұсынылды. Әлеуметтік желілердегі посттар саны-250-ден асты, облыстық БАҚ-тағы жарияланымдар 12 жарияланым шықты. Жоба бойынша жалпы ақпараттандыру жұмысымен қамту деңгейі 90 000 қаралымнан асты.

Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:

Жобаның мақсаты:		Жаңаөзен қаласында 2024 жылдың соңына дейін 500 жасты қамту арқылы ұлттық тәрбие беру мен отбасы құндылықтарын нығайтуға ықпал ету							
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:		Жоба бенефициарлардың білім деңгейін арттыру, қоғамда ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға деген саналы көзқарасын қалыптастыру арқылы отбасылық құндылықтарды нығайтуға, ұлттық тәрбиені дәріптеуге және отбасылық мәселелерді шешуге ықпал етті.							
Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылардың саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
							жоспар	факт	
1 міндет Жаңаөзен қаласында кемінде 350 қатысушыны, оның ішінде кемінде 250 адам жастар өкілдеріні	1. «Ұлттық құндылықтардың рухани байлығы» тақырыбына форум өткізу	28.08.24 ж.	Жаңаөзен қ.	350	Іс-шараға барлығы 350 адам қатысты, олардың 250-і жастар санатында болды Іс-шараға 4 спикер шақырылды. Форум соңында қатысушылар іс-шараның сапасына қанағаттану деңгейі бойынша сауалнама	Тапсырыс берушімен келісілген форум бағдарламасы, модератор, өтетін орны Форум өтетіндігі туралы әлеуметтік желідегі хабарландыру Баспасөз-релиз	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 1	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 1	Ұзақ мерзімді әсері ретінде бұл форум жастар арасында ұлттық бірегейлікті нығайтуға, олардың мәдениетке, рухани және отбасылық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді деп күтілуде. Сонымен қатар, іс-шара қатысушылардың

ң қатысуын қамтамасыз ете отырып, «Ұлттық құндылықтардың рухани байлығы» форумын ұйымдастыру					толтырды. Нәтижесінде 94% қатысушылар іс-шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті. Жастар арасында білімнің арту деңгейі 56% құрады	Модератор тізімі, құжаты Әлеуметтік желідегі жарияланымдар БАҚ-тағы жарияланым Қатысушылар саны (250 жастар санатынан екенін дәлелдеу құжаты, еге оқу орындарынан шақырылған жастар болса, оқу орнынан мөрімен тізім алу)/тізімі (аты-жөні, байланыс құралы) Іс-шараның сапасына қанағаттануына байланысты сауалнама Жастардың білім деңгейі арту көрсеткіші Фото/бейнеесеп	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 1 350/1 95% қанағаттану деңгейі 50%-дан кем емес 7/1	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 1 350/1 95% қанағаттану деңгейі 69%-дан кем емес 10/1	қоғамдық сана-сезімін жаңғыртуға, жауапкершілік сезімін күшейтуге және тарихи мұраларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, ұлттық бірегейлікті нығайтып, отбасылық құндылықтарды, тарихи сананы және рухани тәрбие негіздерін жастардың өмірлік ұстанымына айналдыруға ықпал етті.
--	--	--	--	--	---	--	---	--	---

						Қорытынды ақпарат	1	1	
	2. Дәстүрлі қолөнер бойынша шеберлік сыныптар (Форум аясында)	26.08.24 ж.	Жаңаөзен қ.	30	Қатысушылар киіз басу және құрақ құрау өнерінің қыр-сырын үйреніп, ұлттық қолөнерді сақтаудың және оны кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңыздылығын түсінді.	Тапсырыс берушімен келісілген форум бағдарламасы аясында өтетін шеберлік сынып Тренер тізімі, құжаты Әлеуметтік желідегі жарияланымдар Фото/бейнеесеп Қатысушылар саны	1 1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30-дан кем емес	1 1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30	
	3. Халық шығармашылық көрмелері (Форум аясында)	26-28.08.24 ж.	Жаңаөзен қ.	30	Көрме барысында қатысушылар ұлттық киімдердің тарихын, зергерлік бұйымдар мен құрал-саймандардың қолданылу ерекшеліктерін біліп, ұлттық тағамдардың дәмін татты. Ис-шара қатысушыларға	Тапсырыс берушімен келісілген форум бағдарламасы аясында өтетін шығармашылық көрмесі Әлеуметтік желідегі жарияланымдар	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша	

					ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, мәдениетке деген құрметін арттыруда зор ықпал етті, сондай-ақ олардың рухани дүниетанымына оң әсерін тигізді	Фото/бейнеесеп Қатысушылар саны	3/1 30-дан кем емес	3/1 30-дан кем емес	
	4. Қазақ дәстүрлерін білуге арналған конкурстар (Форум аясында)	20-27.08.24	Жаңаөзен қ.	30	Конкурсқа қатысушылар орамалдың шығу тарихы мен оны тағу әдістері туралы 3-5 минуттық бейнеролик дайындады. Конкурстың жеңімпаздары қоғамдық ұйым өкілдері және қоғамдық ой көсбасшыларынан құралған комиссия арқылы анықталды. Байқауға барлығы 30 адам қатысып, жеңімпаздарға дипломдар мен сертификаттар табыс етілді.	Тапсырыс берушімен келісілген форум бағдарламасы аясында өтетін конкурс Әлеуметтік желідегі жарияланымдар Фото/бейнеесеп Қатысушылар саны	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30-дан кем емес	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/3 30	

					Бұл конкурстар ұлттық дәстүрлерді насихаттап, жастардың мәдени құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға бағытталды				
	5. «Ата-баба ізімен» атты экскурсиясы	07.08.24 ж.	Жаңаөзен қ.	30	Экскурсия барысында қатысушылар қазақ халқының киелі орындары – Шопан ата, Бекет ата мазары және Бозжыра шатқалына барды. Бұл рухани саяхат қатысушыларға тарихи және мәдени құндылықтармен жақын танысуға, ата-бабаларымыздың өмірімен байланысты киелі мекендердің тарихын білуге мүмкіндік берді	Тапсырыс берушімен келісілген экскурсия бағдарламасы мен аралау кестесі Өлеуметтік желідегі жарияланымдар Фото/бейнеесеп Қатысушылар саны Экскурсия бойынша жастардан пост/рилс жарияланады	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 6/1 30 15	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 6/1 30 15	
	6. Дәстүрлі қазақ ойындары және дәстүрлі	23-27.08.24 ж.	Жаңаөзен қ.	30	Мастер-класс аясында қатысушылар қазақтың ұлттық	Тапсырыс берушімен келісілген экскурсия	1	1	

	қазақ музыкасы бойынша мастер-класстар				ойындары – тоғызқұмалақ, жүріп тарту, арқан тарту, бес асық және асық ату ойындарын үйреніп, өзара жарысты Бұл ойындар қатысушылардың дене шынықтыру қабілетін арттырып қана қоймай, қазақ халқының ұлттық мұрасына деген қызығушылықты оятты.	барысындағы мастер-класстар бағдарламасы Тренер тізімі, құжаты Әлеуметтік желідегі жарияланымдар Фото/бейнеесеп Қатысушылар саны	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30	
2 міндет Жаңаөзен қаласында кемінде 250 қатысушыны, оның ішінде кемінде 150 адам жастар өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ете	1. Әкелер форумы	25.09.24 ж.	Жаңаөзен қ.	250	Форумда әке болудың маңыздылығы, заманауи ата-ана бейнесі, бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі сияқты өзекті тақырыптар талқыланды. Форум қатысушылары әкелердің отбасындағы беделін нығайту және бала тәрбиесіне оң	Тапсырыс берушімен келісілген форум бағдарламасы, модератор, өтетін орны Форум өтетіндігі туралы әлеуметтік желідегі хабарландыру Баспасөз-релиз Модератор тізімі, құжаты	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 1 1	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 1 1	Ұзақ мерзімді келешекте бұл форум жастар арасында отбасылық құндылықтарды нығайтуға, әкелердің бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға және олардың қоғамдағы белсенді рөлін көрсетуге ықпал етеді. Сондай-ақ, іс-шара ата-аналар мен жастардың бір-

отырып, әкелер форумын ұйымдастыру					ықпал ету жолдары туралы құнды ақпарат алып, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болды.	Әлеуметтік желідегі жарияланымдар БАҚ-тағы жарияланым Қатысушылар саны (150 жастар санатынан екенін дәлелдеу құжаты, еге оқу орындарынан шақырылған жастар болса, оқу орнынан мөрімен тізім алу)/тізімі (аты-жөні, байланыс құралы) Іс-шараның сапасына қанағаттануына байланысты сауалнама Әкелердің отбасындағы рөлі мен жауапкершілігінің арту деңгейі Фото/бейнеесеп	3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 1 250/1 95% қанағаттану деңгейі 30%-дан кем емес 1	3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 1 250/1 98% қанағаттану деңгейі 83,6%-дан кем емес 1	бірімен дұрыс қарым-қатынас орнатуына, олардың отбасылық өмірге дайындығын арттыруға, ұлттық тәрбиені жаңғыртуға септігін тигізеді.
------------------------------------	--	--	--	--	---	--	--	--	---

						Қорытынды ақпарат	1	1	
	2. Психологтар мен әлеуметтанушылардан әкенің отбасындағы рөлі туралы дәрістер (Форум аясында)	17.09.2024 ж.	Жаңаөзен қ.	30	Дәріс барысында әкенің отбасындағы рөлі, әке мен баланың қарым-қатынасының маңызы, жасөспірімдердің нашақорлыққа және ойынқұмарлыққа бейімділігінің статистикасы сияқты маңызды мәселелер талқыланды. Қатысушылар отбасы институтындағы әкенің рөлінің маңыздылығын ұғынып, жасөспірімдер арасындағы қауіпті мінез-құлықтардың алдын алу туралы ақпарат алды	Тапсырыс берушімен келісілген форум бағдарламасы аясында өтетін дәрістер Психологтар мен әлеуметтанушылар тізімі, құжаты Әлеуметтік желідегі жарияланымдар Фото/бейнеесеп Қатысушылар саны	1 2 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30-дан кем емес	1 2 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30-дан кем емес	
	3. Әкелер арасында тәжірибе алмасу	25.09.24 ж.	Жаңаөзен қ.	30	Қатысушылар әкенің жауапкершілігі, отбасындағы тәрбиелік маңызы	Тапсырыс берушімен келісілген форум бағдарламасы	1	1	

	(Форум аясында)				жайлы өз ойларымен бөлісіп, әкелердің қоғамдағы рөліне ерекше назар аударды. Іс-шара әкелердің отбасы өміріндегі маңызын түсінуге және тәжірибе алмасуға бағытталды.	аясында өтетін тәжірибе алмасу Әлеуметтік желідегі жарияланымдар Фото/бейнеесеп Қатысушылар саны	3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30-дан кем емес	3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30	
	4. Отбасы тақырыбына шығармашылық конкурстар (Форум аясында)	25.09.24 ж.	Жаңаөзен қ.	30	Қатысушылар өзара жарысып, бала тәрбиесіндегі әке ықпалының маңыздылығын көрсетіп, отбасылық құндылықтарды дәріптеді. Іс-шара нәтижесінде бірінші, екінші және үшінші орындарға ие болған командалар марапатталды. Бұл сайыс әкелердің балалар тәрбиесіне деген ықыласын арттырып, қоғамда отбасы құндылықтарын	Тапсырыс берушімен келісілген форум бағдарламасы аясында өтетін конкурс Әлеуметтік желідегі жарияланымдар Фото/бейнеесеп Қатысушылар саны	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30-дан кем емес	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30	

					рухты нығайтты. Сауалнама нәтижелері бойынша іс-шараға қанағаттану деңгейі орта есеппен 74,6%-ды құрап, оның ұлттық дәстүрлерді насихаттаудағы және жастардың интеллектуалды дамуына ықпал етудегі тиімділігін көрсетті.	шақырылған жастар болса, оқу орнынан мөрімен тізім алу)/тізімі (аты-жөні, байланыс құралы) іс-шараның сапасына қанағаттануына байланысты сауалнама Қатысушылардың білім деңгейі арту көрсеткіші Фото/бейнеесеп Қорытынды ақпарат	95% қанағаттану деңгейі 50% 7/1 1	95% қанағаттану деңгейі 88,5% 7/1 1	
	2. Қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрпы тақырыбындағы тренингтер	10-11 қазан 2024ж	Жаңаөзен қ.	30	2024 жылдың 10-11 қазан күндері қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрпы тақырыбында екі тренинг өткізілді. Бірінші күні «Келін түскендегі әдет-ғұрыптар», ал екінші күні «Бала тәрбиесіне байланысты дәстүрлер» тақырыптары	Тапсырыс берушімен келісілген тренинг бағдарламасы мен форматы Әлеуметтік желідегі жарияланымдар Фото/бейнеесеп Қатысушылар саны	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 30-дан кем емес	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 82	

					талқыланып, қатысушылар ұлттық тәрбиенің құндылықтары мен қазақ мәдениетінің мәнін тереңірек түсінді. Теория мен практиканы ұштастырған тренингтерге 59 адам қатысып, олардың ұлттық дәстүрлерге деген қызығушылығы мен мәдени танымы артты.				
4 міндет Сарапшылардың қатысуымен «Берік отбасы, Берік қоғам, Берік ұлт» тақырыбында аналардың	1. «Берік отбасы, Берік қоғам, Берік ұлт» аналардың пікірталас кездесуі	22.10.24 ж.	Жаңаөзен қ.	100	Қатысушылар бала тәрбиесінің маңызды мәселелері мен отбасындағы ананың рөлін талқылауға мүмкіндік алды. Пікірталас сарапшылар мен тәжірибелі психологтардың қатысуымен интерактивті форматта ұйымдастырылды. Қатысушылар	Тапсырыс берушімен келісілген пікірталасбағдарламасы Әлеуметтік желідегі жарияланымдар Фото/бейнеесеп Қатысушылар саны	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 100 1	1 3 арна (Instagram, facebook, Tik Tok) бойынша 3/1 103 1	Ұзақ мерзімді келешекте бұл іс-шара аналардың отбасындағы рөлін күшейтіп, балаларды тәрбиелеудегі жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл пікірталас қоғамда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың

пікірталас кездесуін ұйымдастыру					отбасы құндылықтарын нығайту, балалардың тәрбиесі мен психологиялық қолдау тақырыптарында сұрақтар қойып, пайдалы кеңестер алды	Сарапшы психологтар тізімі, құжаты Аналардың отбасылық мәселелерді шешу туралы білім деңгейі көрсеткіші	50%	83,5%	алдын алуға, ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға септігін тигізеді. Нәтижесінде, берік отбасы негізінде тұрақты қоғам мен ұлттық бірлікті нығайтуға жағдай жасалады.
5 міндет Некеге тұрғанға дейін қажетті білімді талқылайтын сарапшылардың қатысуымен «Некеге дейін оқы» подкастын түсіруді ұйымдастыру, кейіннен әлеуметтік желілерде тарату	1. «Некеге дейін оқы» подкасты	22.10.24 ж	Жаңаөзен қ.	15000	Подкастқа шақырылған спикерлер өз тәжірибелері мен кәсіби кеңестерін ортаға салып, отбасы құрудың жауапкершілігі, ажырасудың негізгі себептері, балалардың психологиялық саулығы үшін ата-ананың рөлі жайында терең ой қозғады. Іс-шара отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, жастар арасында жауапкершілік сезімін арттыруға ықпал етті	Тапсырыс берушімен келісілген подкаст сценарийі, шақырылатын қонақ Ақпараттық қамтылуы (жарияланымның скрині, сілтемесі, қаралым саны) Әлеуметтік желілердегі жарияланым Фото	1 15 000 4 арна (Instagram, facebook, Tik Tok, youtube) бойынша 3 1	1 31 322 4 арна (Instagram, facebook, Tik Tok, youtube) бойынша 3 1	Ұзақ мерзімді келешекте бұл подкаст жастар арасында отбасылық құндылықтарға деген құрметті арттырып, ажырасу деңгейін төмендетуге, жауапты ата-ана болу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, ақпараттық контенттің қолжетімділігі жастардың саналы некеге дайындалуына жағдай жасап,

						Электронды тасымалдауыш құралына (флешка) көшірілген подкаст	50%	57,8%	қоғамда мықты және үйлесімді отбасыларды құруға негіз болады.
						Жастардың некеге дейінгі маңызды мәселелер туралы білім деңгейі көрсеткіші			
6 міндет Әлеуметтік желілерде одан әрі тарата отырып, «Лудоманияның алдын алу», «Қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу», «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында 3	1. Видеороликтер түсіру (3 видео)	1-20 қараша 2024ж.	Жаңаөзен қ.	10000	Қоғамның назарын әлеуметтік маңызды мәселелерге аудару мақсатында лудомания, ерте жүктілік және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыптарында үш әлеуметтік бейнеролик түсірілді. Роликтер ойынқұмарлықтың отбасы мен қоғамға зияны, жасөспірімдердің жауапкершілігін арттыру, және	Тапсырыс берушімен келісілген бейнеролик сценарийлері Бейнероликтер Ақпараттық қамтылуы (жарияланымның скрині, сілтемесі, қаралым саны) Әлеуметтік желілердегі жарияланым Фото Электронды тасымалдауыш	3 3 10 000 қаралым (әр бейнероликтан) 4 арна (Instagram, facebook, Tik Tok, youtube) бойынша 3 1	3 3 14 000 қаралым (әр бейнероликтан) 4 арна (Instagram, facebook, Tik Tok, youtube) бойынша 3 1	Ұзақ мерзімді перспективада бұл бейнероликтер жастар мен ересектер арасында денсаулыққа зиян әрекеттерден аулақ болуға, жауапты мінез-құлықты қалыптастыруға, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне нөлдік төзімділік мәдениетін дамытуға септігін тигізеді. Әлеуметтік желілердегі кең таралым арқылы роликтер қоғамның барлық мүшелерін ақпараттандыру деңгейін арттырып, ұлттың әлеуметтік

бейнеролик					отбасындағы зорлық-зомбылықтың бала психологиясына әсері туралы маңызды мәселелерді қозғайды. Әр бейнеролик алдын алу шараларын насихаттап, қоғамда мейірімділік пен түсіністік атмосферасын қалыптастыруға бағытталған.	құралына (флешка) көшірілген подкаст Лудоманияның, ерте жүктіліктің және отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы ақпараттандыру деңгейі	50%	50%	және рухани денсаулығын нығайтуға бағытталған ұзақ мерзімді өзгерістердің негізін қалайды.
	2. Отбасылық құндылықтар, ұлттық тәрбие және гендерлік теңдік мәселелері бойынша өңірлік зерттеу жүргізу.	Тамыз-Қараша 2024ж.	Жаңаөзен қ.	500	Отбасылық қатынастарды нығайту және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бағытында ұсыныстар әзірлеу және болашақ жобаларға қажетті өзекті мәселелерді анықтау мақсатында Жаңаөзен қаласы бойынша зерттеу жүргізілді. Зерттеу Жаңаөзен қаласы мен оған қарасты	Тапсырыс берушімен келісілген онлайн сауалнама Аналитикалық есеп Ұсыныс	1 1 1	1 1 1	

					ауылдарда (Қызылсай, Теңге, Рахат, Кендірлі) жүргізіліп, 16-35 жас аралығындағы 500 тұрғын қамтылды. Зерттеу нәтижесінде тұрғындардың 75%-ға жуығы жергілікті биліктің ұлттық тәрбие беру саласындағы жұмысын қанағаттанарлық деп бағалағанымен, ерте жүктілік, ажырасу және тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткіштері бойынша қала жоғары деңгейде екені анықталды.				
Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария	Жобаның нәтижесі бойынша қорытынды презентация					Презентация Әлеуметтік желідегі жарияланым	1 3 арна (Instagram, facebook,	1 3 арна (Instagram, facebook,	

презентац иясы							Tik Tok) бойынша	Tik Tok) бойынша	
Шарт талаптар ына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпаратт ық жұмыс	Әлеуметтік парақшалары нда жоба кемінде посттар және рилстар					Дайджест (жоба аясында түсірілген бейнероликтер, подкаст, шаралар туралы толық ақапараттың скрині мен сітемесі, қаралы саны толықтай кестемен беру)	1	1	
						Әлеуметтік желідегі пост саны	20	253	
						Видеоролик	3	37	
						Видео reels	10	196	
						Облыстық БАҚ-та мақала	3	12	
						Жоба бойынша жалпы ақпараттандыру жұмысымен қамту деңгейі	Кемінде 25 000 адам	92 615	

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі: сәйкессіздік жоқ.

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	830 кем емес	1128
2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	45 000	92 615
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	4	4
4.	Тартылған мамандардың саны	адам	-	1
5.	Қамтылған ҰЕҰ саны	ұйым	-	1
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге	4 250 000	3829893
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге	446195	401590
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге	6445107	6865214
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	2	4

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):

Жобаның басты мақсаты – қоғамда ұлттық құндылықтарды насихаттау, жастар мен ересектер арасында отбасы құндылықтарын дәріптеу және әлеуметтік мәселелердің алдын алу. Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Ауқымды аудитория қамтылды. Жоба аясында өткізілген іс-шараларға барлығы 1128-ден астам адам қатысса, оның ішінде 600-ден астамы жастар өкілдері болды. Бұл көрсеткіш жобаның мақсатты аудиторияны толығымен қамтығанын дәлелдейді.
2. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған іс-шаралар қатысушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырып, салт-дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің маңыздылығын түсінуге ықпал етті. Сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың 76,1%-ы алған білімдерін өз өмірлерінде қолданатынын айтты.
3. Әлеуметтік мәселелердің алдын алуға бағытталған «Лудоманияның алдын алу», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарындағы бейнероликтер 14000-нан астам қаралым жинап, әлеуметтік желілерде үлкен қолдау тапты. Бұл роликтер арқылы қоғам мүшелері өзекті мәселелер туралы ақпарат алып, қажетті шараларды қабылдауға ынталанды.
4. Отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған іс-шаралар отбасылық қарым-қатынастарды нығайтуда тиімді платформа болды. Қатысушылар отбасы институтының маңыздылығын түсініп, бала тәрбиесінде ананың рөлі мен әкенің жауапкершілігі туралы жаңа білім алды.

5. Зияткерлік дамуға ықпал ету мақсатында ұйымдастырылған іс-шаралар қатысушылардың логикалық ойлау қабілеттерін арттырып, ұлттық ойындарды жастар арасында дәріптеді.

Жобаның сәтті жүзеге асуы мен жоғары нәтижелерге қол жеткізілуі оның мақсатқа толықтай жеткенін көрсетеді. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытылы және сапалы өткізілді, қатысушылардың пікірлері мен нақты көрсеткіштер жобаның тиімділігін дәлелдейді.

3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу
(жобаға дейінгі ахуал мен жоба аяқталған кездегі жобалық жағдайды, жоба шеңберіндегі проблемалар мен міндеттерді шешу дәрежесін салыстыру):

Әлеуметтік жобаның басындағы жағдай:

Сейдова Жамиля Танбайқызы – Жаңаөзен қаласының тұрғыны, бес баланың анасы жалғыз басты ана. Жамиля зорлық-зомбылықтан жапа шеккендіктен күйеуінен ажырасуға мәжбүр болды. Некеде болған кезінде ол психологиялық және физикалық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған. Бұл жағдай оның өзін-өзі бағалауына, эмоционалдық және психикалық денсаулығына үлкен зиян тигізді. Бір баласының мүгедектігі және оны асырау мәселелері Жамиляға қосымша ауыртпалық салды. Ол балаларын қалай асырайтынын білмей, тығырыққа тіреліп балаларын балалар үйіне тапсыруды ойлап жүрді.

Жобаның әсері:

Әлеуметтік жоба аясында Жамиля «Берік отбасы, Берік қоғам, Берік ұлт» форумына және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы тренингтерге қатысты. Осы іс-шаралар оған зорлық-зомбылықтың алдын алу және өзін қалай қорғау керектігі туралы нақты ақпарат алуға көмектесті. Жобадағы кеңестердің арқасында ол мүгедек баласына жәрдемақы рәсімдеп, кіші балаларын балабақшаға орналастырды. Сонымен қатар, нан пісіру бойынша шеберлік сабағына қатысып, осы салада жұмыс істеуге мүмкіндік тапты.

Нәтижесі:

Бүгінгі таңда Жамиля Жаңаөзен қаласындағы наубайханада жұмыс істейді, бұл оған өз балаларын материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ол өзіне деген сенімін қайтарып, психологиялық тұрғыдан тұрақтылыққа қол жеткізді. *«Зорлық-зомбылықтың құрбаны болу – өте ауыр. Бірақ бұл жобаның арқасында мен өзімді қайта таптым, балаларымды қорғай алатыныма сендім. Енді мен осындай жобалардың жастарға да көмектескенін қалаймын. Олар отбасылық құндылықтарды түсініп, зорлық-зомбылықтың құрбаны болмай, саналы түрде бақытты отбасы құруды үйренуі тиіс», - деді Жамиля*

Байланыс нөмірі: 8 775 292 0157

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
1128	458	670

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
1128	45	610	51	88	56	37				343

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
1128	45	256	155	144	491	37	

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

- көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):_
 - Жобаға қатысқан **1128-тен астам адам**, оның ішінде **610-і жастар өкілдері**, түрлі тренингтер мен іс-шараларға қатысты.
 - **250 қатысушы** отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, ерте жүктілік, лудомания тақырыптары бойынша нақты ақпарат алды.
 - **100-ден астам ана** бала тәрбиесінің өзекті мәселелерін талқылап, психологиялық және құқықтық кеңестер алды.
 - **30 қатысушы** кәсіби дағдыларды дамытуға арналған мастер-класстардан өтіп, олардың 5-еуі тұрақты жұмысқа орналасты.

Саналық өзгерістер: қатысушылардың өзін-өзі бағалауы артты, өз құқықтарын қорғау және отбасылық мәселелерді шешу дағдылары қалыптасты.

- *жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):*
 - *Зорлық-зомбылықтың алдын алу және отбасылық құндылықтарды насихаттау арқылы жастар арасында отбасылық мәселелерге жауапты қарау деңгейі артты.*
 - *Жобаның әсері ұзақ мерзімді болмақ, себебі қатысушылар алған білімдерін өз отбасыларында және қауымдастықтарында қолданады. Бұл отбасылық зорлық-зомбылықтың және ажырасу деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді.*
 - *Жастардың саналы түрде отбасылық өмірге дайындалуына жағдай жасалып, олар жауапты ата-ана болуға бағытталды*
 - *әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы*
 - *Жоба нәтижесінде жергілікті қауымдастықтарда тренерлер мен сарапшылардың желісі құрылды, олар болашақта осындай тақырыптарды насихаттап, іс-шараларды өздігінен ұйымдастыра алады.*
 - *Қатысушылардың арасында жоба аясында алынған ақпаратты тарататын белсенділер анықталды.*
 - *Жоба материалдары (бейнероликтер, подкасттар) әлеуметтік желілер арқылы ұзақ уақыт бойы қолжетімді болады.*
 - *іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:*
 - *Отбасылық құндылықтарды насихаттау арқылы ажырасу деңгейінің төмендеуі және зорлық-зомбылық құрбандарының санын азайту болжануда.*
 - *Қатысушылардың кәсіптік дағдыларды меңгеруі олардың тұрақты табысқа қол жеткізуіне ықпал етті, бұл жергілікті экономикалық жағдайды жақсартуға әсер етеді.*
 - *Қоғамда жауапты ата-аналар мен саналы ұрпақ қалыптастыру арқылы әлеуметтік тұрақтылық пен рухани байлық деңгейі артады.*
- 6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?**

Әлеуметтік жобаны жүзеге асыру барысында серіктестердің қолдауы жобаның сәттілігіне айтарлықтай ықпал етті. **Жаңаөзен телеканалы** біздің іс-шараларды ақпараттық қолдаумен қамтамасыз етіп, халық арасында жобаның маңыздылығын арттыруға көмектесті. **Жаңаөзен қаласының АХАТ бөлімі** зерттеулер жүргізу үшін қажетті мәліметтерді ұсынды, бұл жоба аясында отбасылық мәселелерді тереңірек

талдауға мүмкіндік берді. Қалалық және облыстық **білім беру бөлімдері** студенттерді іс-шараларға қатыстыру арқылы жастар арасында жобаның әсерін кеңейтті.

Жобаға ауыл ақсақалдарының және **облыстық психологиялық қолдау орталығының** қосқан үлесі ерекше. Ақсақалдар ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтар туралы тәжірибелерімен бөлісіп, шараларға белсенді қатысса, психологтар қатысушыларға кәсіби кеңес беріп, оларды психологиялық тұрғыда қолдады. Сонымен қатар, **қалалық соттың** судьялары спикер ретінде отбасылық құқықтық мәселелер бойынша маңызды ақпарат ұсынды, ал **мұнай компанияларының қызметкерлері** әкелер форумына қатысу арқылы жобаның мазмұнын байыта түсті.

Бұл серіктестерді тарту жобаның тиімділігін арттырып, оның мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік берді. Мұндай өзара іс-қимыл жобаны күшейтіп қана қоймай, қоғамның түрлі топтарын ортақ мақсатқа жұмылдыра отырып, әлеуметтік серіктестіктің маңыздылығын көрсетті. Болашақта серіктестермен ынтымақтастықты нығайту және жастарға бағытталған бірлескен жобаларды жалғастыру жоспарлануда.

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жобадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің байланыстары	Ескерту
Жаңаөзен телеканалы	Іс-шараларды ақпараттық қолдау	+ 7 (7292) 30-30-14	
Қалалық және облыстық білім беру бөлімдері	Іс-шараларға қатысушыларды тарту	8 (7293) 471981	
Облыстық психологиялық қолдау орталығы	Психологиялық кеңес беру	8 (7292) 60-75-15	
Қалалық сот	Спикер ретінде қатысу	+ 7 (7292) 72-4-31	

Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже
---	--------------------------	---	---	------------------------------------	---------------	------------------

1	Әлеуметтік даму	Қоғамдағы зорлық-зомбылықтың алдын алу	Тұрмыстық және отбасылық зорлық-зомбылықтың артуы. Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және психологтардың қолжетімділігін қамтамасыз ету қажет.	11 000 000	Қысқа мерзімді жоба	Азаматтардың құқықтық сауаттылығы артады, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандардың саны азаяды, отбасылардың тұрақтылығы күшейеді.
2	Білім беру және жастарды дамыту	Жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру	Жастардың қаржылық жоспарлау, несие және инвестиция саласындағы білімдерінің төмендігі	11 000 000	Қысқа мерзімді жоба	Жастардың қаржылық сауаттылық деңгейі көтеріледі, экономикалық тұрақтылығы артады, дұрыс қаржылық шешім қабылдау қабілеттері дамиды.
3	IT және технологиялық даму	Цифрлық сауаттылықты арттыру	Ауылдық жерде цифрлық сауаттылықтың төмендігі, технологияларды пайдаланудың қолжетімсіздігі.	11 000 000	Қысқа мерзімді жоба	Цифрлық сауаттылық деңгейі артады, технологияларды қолдану арқылы ауыл тұрғындарының өмір сапасы жақсарады.

4	Гендерлік теңдік	Әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін арттыру	Әйелдердің кәсіпкерлікке және жұмысқа орналасуға қолжетімділігі шектеулі.	11 000 000	Қысқа мерзімді жоба	Әйелдердің жұмысқа орналасу және шағын кәсіпкерлік ашу деңгейі артады, гендерлік теңдік мәселелері бойынша қоғамның түсінігі кеңейеді.
---	------------------	--	---	------------	---------------------	--

Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)
Маңғыстау облыстық әкімдігі	1. Отбасы құндылықтарын (салт – дәстүр, қарым қатынас мәдениеті, ұл мен қыз тәрбиесі, саналы ата-ана, мәдениетті ұлт) насихаттау бағытындағы жұмыстарды ҰЕҰ, мәдениет, білім, құқық қорғау, БАҚ, аналар және әкелер кеңестерін жұмылдыру арқылы білім беру ұйымдарында, мәдениет ошақтарында, жастар орталығында, кәсіпорындарда жандандыру, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде насихаттау. 2. Зорлық – зомбылықты құрбаны болған отбасылар мүшелеріне кеңес беру, оңалту (дағдарыс орталығы кабинеті) орталығы қызметін жергілікті жерде ұйымдастыру.	Хат шығ. №87 21 қараша 2024ж.

	3. Абъзерлерге, есірткі мен құмар ойынға тәуелділерге арналған психологиялық қызметті үйлестіру және оны жасаймын деген бастамашыл топтарды қолдау. 4. Жастар денсаулығы орталығы (емхана жанындағы) арқылы жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын-алу , отбасын жоспарлау, ерлер мен әйелдердің репродуктивті денсаулығы туралы насихат жұмыстары мен консультация жұмысын жандандыру. 5. Білім беру ұйымдарында жалқаулық, алаяқтық, құмар ойыны, есірткіге тәуелділік, ысырапшылдық, құқықтық және қаржылық сауаттылық тақырыптарындағы іс-шараларды жүйелендіру 6. Жастарды отбасылық өмірге дайындау (жастар ресурс орталығы, АХАЖ, БАҚ, ҮЕҰ, аналар мен әкелер кеңестері) бағытында іс-шараларды ұйымдастыру	
--	---	--

	7. Жастармен, отбасылармен жұмыс жасайтын және қаржылық және құқықтық сауаттылықты арттыру бағытындағы ҰЕҰ жұмыстарын жетілдіру, ашылуын ынталандыру. 8. Жастар арасындағы қоғамдық пікір көшбасшыларын жоғарыда аталған бағыттар бойынша мамандандыру жұмыстарын жүргізу, және оларды осы бағыттағы жұмыстарын билік пен бизнес тарапынан қолдау көрсету. 9. Жалқаулық, масылдық, ысырапшылдық, алаяқтық, құмар ойынға және ішімдікке (есірткіге) тәуелділік сияқты жаман әдеттерден арылту үшін адал еңбек етуді, әділеттілікті, үнемшілдікті, қайырымды және мейірімділікті насихаттау үшін жастар ұйымдарын жұмылдыру және оларға жан жақты қолдау көрсету.	
--	--	--

Есеп беттерінің жалпы саны: 29 (жиырма тоғыз)

